

А.Б.Сатанов, Қ.С.Өскембаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық жүйесінің жалпы діни жағдайы мен ислам дамуына ықпалы

Мақалада Қазақстан Республикасындағы діни жағдай, қозғалыс, дүниетаным мен конфессияаралық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық жүйенің деңгейі қарастырылған. Ғылыми зерттеу барысында қазіргі кездегі республиканың діни жағдайы мен исламның дамуына қатысты заң актілерінің кең кешені, дінтану саласы мамандарының ғылыми еңбектері, саясаткерлер мен мемлекеттік қайраткерлердің көзқарастары қарастырылған.

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, тәуелсіздік, демократия, дін, діни жанару, кеңестік идеология, рухани құндылықтар, ислам діні, дін туралы заң, мұсылман.

Қазақстан Республикасы егемендігін және тәуелсіздігін жариялаған кезде 70 жыл бойы үстемдік еткен әміршіл-әкімшіл жүйенің жойылу процесі басталды. Тоталитарлық жүйеден демократияға аяқ басып отырған мемлекетте саяси, экономикалық және мәдени салалар бойынша үлкен бетбұрыстар мен өзгерістер жасалынды. Қазақстанда діннің қайта жандануы байқалды. Әміршіл-әкімшіл әдістерге негізделген экономикадан нарықтық қатынастарға өту барысында кеңестік идеологияның жариялаған «догмаларын» қайта қарастырып, қоғам санасында заманға сай рухани құндылықтарды қалыптастыру ұмтылыстары өте маңызды қадам болды. Адамдарға болашаққа сенім беретін, жаңа өмір сүру ортасын қалыптастырып, алға жетелейтін рухани күш қажет еді. Бұның барлығы қоғам өмірінде діннің маңызды деңгейге шығуына әсер етті.

XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстанда ислам дінінің «реабилитациялық» кезеңіне бірқатар белгілер тән болды. Олардың ішінде 1992 жылы қабылданған дін туралы заңның салыстырмалы-либералды сипаты; 1990 жылы Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының құрылуы (ҚМДБ); өкіметтің ҚМДБ-ның ислам дінін жаңғырту бойынша жүргізіп жатқан іс-шараларды құру жұмыстарын қолдау және оларды жүзеге асыруға атсалысу. Халықаралық қатынастарда мұсылман елдерімен байланыс орнатуға және шетел елдерде дін саласы бойынша мамандарды даярлау әрекеттері жасалынды.

Дін және діни ұйымдардың қызметі туралы нормативтік нормалар Конституция, Азаматтық кодекс [1; 46] және 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңда («Дін туралы заң») [2] қарастырылды. Мемлекет басшылары діннің гуманистік сипатын, қоғам өміріндегі біріктірушілік қызметінің жоғары бағалады, бірақ оған қарамастан ішкі және сыртқы саясатта діни принциптерді қолданудан және діни негізде партияларды құрудан бастартты.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей, мемлекетіміз зайырлы болғандықтан [3], тәуелсіздіктен кейінгі жылдары үкімет органдары діни ұйымдардың жұмыстарына бақылау жасамаған. АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан халықаралық діни бостандық есебі» (2002) [4] де осыны растайды. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, дін мемлекетті қалыптастыратын негізгі әлеуметтік институттардың бастыларынан және азаматтық қатынастарда маңызды рөл атқаратындықтан, мемлекет ұйымдары мен құрылымдарының ішінде дін саласымен жұмыс істейтін мекемелер және органдар болуы заңды. Осы орайда ҚР Үкіметі қарамағында діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес құрылған. Кеңестің облыстар мен Астана және Алматы қалаларындағы бөлімшелері тікелей діни бірлестіктер және конфессиялармен (жамағаттармен), сонымен қатар әкімдіктер, Әділет министрлігінің тіркеу қызметі, Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мәдениет министрлігі сияқты құзырлы мекемелермен етене байланыс жасайды.

Я.Трофимова, А.Артемова, және К.Шүлембаева сияқты ғалымдардың ойы бойынша, 90-жылдары қабылданған Қазақстанның білім беру және дін мен діни ұйымдарды реттеу туралы заңдар өте либералды болып келді [5].

1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заң 5 тараудан және 24 баптан құрастырылды. Қазіргі кезде Қазақстанда қалыптасқан діни жағдай және соған қарасты мәселелер дін туралы заңның олқылықтары мен легитимдік либералдылығына

байланысты. Әсіресе бүгінгі күні Қазақстан өз алдына әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге т.б. мақсаттарды қойып отыр. Бұндай жағдайда елдің ішкі жағдайы тұрақты болуы керек. Бірақ бүгінгі таңда республикада әр түрлі діни ағымдар, секталар және миссионерлер көбейіп кетті. Солардың қатарында дәстүрлі емес діндердің үлесі өте көп. Сондықтан да республикада қалыптасқан күрделі діни жағдай бірінші кезекте ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін. Бірақ мемлекет діни жағдайды ретке келтіру мақсатында бірқатар әрекеттер жасады. 2008 жылға дейін дін туралы заңға жеті рет өзгерістер мен толықтырулар жасалынды [6]. Қазір де оны тағы да парламент пен үкіметтің талқылауына салды.

Дін туралы заңның алғашқы нұсқасына келетін болсақ, оның I-тарауы 1-бабында «Осы заң Республика Конституциясында, сондай-ақ адам құқықтары туралы халықаралық актілер мен келісімдерде баянды етілген азаматтардың діни сенім бостандығы жөнінде құқықтарын іске асыруға кепілдік береді» деп айтылды [2; 3]. Яғни бірден заңның Қазақстан Республикасының Конституциясына қарсы келмейтіндігі жарияланды, кейінгі кезде дін туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар жасалған кезде ең алдымен солардың ҚР Конституциясына қайшы келмейтініне назар аударылды. Яғни ҚР жариялаған ар-ождан және діни бостандығы, адамдардың өмірі мен құқықтарының құндылығы әуел бастан-ақ мемлекет саясатының басты назарында болды. Сөйтіп, дін туралы заңның 3-бабында айтылғандай, ҚР-ның басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқылы, жалпы адамдардың діни өміріне қатысты мемлекет араласпайтыны жарияланды [2; 3]. Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген. Барлық діндер мен діни бірлестіктер басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды. Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды. Діни негіздегі партиялардың құрылуына жол берілмеді. Мемлекет өз тарапынан дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнықтыруға жәрдемдеседі. Мектепті діни бірлестіктерден бөлу және мемлекеттік білім берудің рухани сипаты жарияланды [2; 5]. Әрине, дін туралы заңның демократиялық сипатын жоққа шығаруға болмайды. КСРО ыдырағаннан кейін демократиялық кезеңге аяқ басқан Қазақстан көпұлтты, көпконфессиялы елге айналды. 130-ға жуық этностардың, 50-ге жуық конфессиялардың мүддесін ескеру мақсатында 90-жылдары қабылданған заңдардың көбісі өте либералды болды. Бір жағынан, бұл жаңа ғана тәуелсіздікке қол жеткізген көпұлтты мемлекет үшін де заңды қадам еді. Өйткені сол кезде республикада және қазір де ұлтаралық, дінаралық араздықтардың шығуына жол берілмеуі тиіс болды. Бірақ дін туралы заңның әлсіз жақтары және олқы тұстары да көп болды. Соны пайдалана отырып, шетелдің көптеген діни ағымдары, миссионерлері, секталары, бірлестіктері келіп, Қазақстанда орнығуға мүмкіндік алды.

Айталық, 1992 жылы қабылданған заңда миссионерлік қызмет және Қазақстандағы миссионерлер, оларды тіркеу жөнінде ештеңе айтылған жоқ. Сондықтан да жергілікті үкімет органдары діни жағдай туралы ақпаратпен тиісті жағдайда қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар діни ұйымдарды тіркеу туралы тармақтар екіжақты қарастырылды. Діни бірлестіктердің тіркелуі жөніндегі баптар мен тармақтардың кейбіреулерінде нақтылық болған жоқ. Мәселен, діни бірлестіктердің жергілікті жерлерде тіркелуі жөнінде.

Жергілікті діни ұйымдар (қауымдар) жайлы анықтама абстрактілі берілген. Заңда діни ұйымдардың жарлығын жасау туралы міндеттеме болған жоқ, сол себептен олар тіркелуден де өтпеді. Азамат кодексінде діни ұйымдарға берілген анықтама да толық анықталмаған болып келді. «Діни ұйым бұл заң актілерінің бекіткен тәртіптері бойынша рухани қажеттіліктерді өтеу үшін, ортақ мүдделердің негізінде құрылған азаматтардың ерікті ұйымдары болып табылады» [1; 46]. Әрине, бұл олқылықтар Қазақстан жеріне шетелден діни ағымдардың көптеп ағылып келуіне, әсіресе бұл тұрғыда дәстүрлі емес және ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін діни қозғалыстардың республика аумағында орнығуына себепші болды. Заңның 13-бабында: «Діни бірлестіктердің діни мақсаттағы заттарды, құдайға құлшылық ету әдебиетін және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды басып шығаруға, өндіруге, шетелден шығаруға, шетелден әкелуге және таратуға қақысы бар», — деп жарияланды [2; 9]. Бұған қоса, 8-бапта «Діни бірлестік қызметінің діни дәріс жағын айқындайтын құжаттар мемлекеттік органдарға тіркелуге жатпайды» деп айтылды [2; 7]. Яғни, діни бірлестіктер Қазақстанда діни әдебиеттерді емін-еркін таратуға, қалауы бойынша кез келген діни үлгідегі

кітаптарды шетелден алып келіп, республика халқы арасында таратуға құқылы болып шықты. Ал кейбір діни бірлестіктер Заңдағы қайырымдылық және мәдени-ағарту қызметі жөніндегі баптың жариялаған мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қайырымдылық жасау арқылы халықты өз дініне тартуға тырысты.

Заң бекітушілері діни ұйымдардың шектелген тізімін белгілемеді, сол ұйымдарға жергілікті діни ұйымдар (қауымдар), діни басқармалар (орталықтар) және олардың құрылымдық таралымдар, сонымен қатар рухани оқу орындары, мешіттер, монастырьлер, миссиялар және т.б. жатқызылды.

Заңның Діни бірлестік жарғысын тіркеуден бастарту және Діни бірлестік қызметінің тоқтатыла тұруы және доғарылуы туралы 10 және 11-баптары нақтыланбаған, сол баптарда қарастырылған діни бірлестіктердің қызметін тоқтату, діни бірлестіктердің таратылу және қайта ұйымдастыру жағдайлары толық қарастырылмаған, әрі олардың қызметінің доғарылу процедураларына тоқталынбаған. Діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған жағдайлары, сол үшін жауапкершілікке тартылу мәселелері тиісті дәрежеде қарастырылмаған.

Дін туралы заңдағы олқы тұстарының арқасында республикадағы діни жағдай күрделініп, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіре алатын діни бірлестіктер, секталар пайда болды. Қалыптасқан жағдайды тұрақтандыру мақсатында 1991 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға жеті рет өзгерістер мен толықтырулар жасалынды. Бұл іс-шаралар ҚР-сы Конституциясы мен халықаралық келісім-шарттар мен құқықтық нормаларға сай жасалынды.

Діни бостандық туралы жаңа заң әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтеп, Қазақстанның демократиялық, зайырлылық принциптерін ұстана отырып, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың нанымдарын құрметтеуді жариялаған кіріспемен толықтырылған болатын. Заң ішінде пайдаланылған «ғибадат үйі», «миссионерлік қызмет», «діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган» деген негізгі ұғымдарға түсінік берілді. Заңның Мемлекет және діни бірлестіктер деген 4-бабына толықтырулар енгізілді. Мәселен, «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді» деп жарияланды [2; 2]. Діни экстремизмді насихаттауға, конфессияаралық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейтін болды. Дінтану сараптамасы туралы мәселе қозғалды. Миссионерлік қызмет туралы айтылып, оны жүргізу үшін есептік тіркеуден өту керек деп белгіленді. Миссионерлік қызметті жүргізетін адамдар жөнінде де мәселе қозғалды. Миссионерлер жергілікті атқарушы органдарда жыл сайын тіркеуден өтуге мәжбүр деген шешім қабылданды. Миссионерлік қызметті жүргізу үшін тіркеуден өтіп, рұқсат алу мақсатында қажетті құжаттар белгіленді. Миссионерлік қызметке арналған әдебиет, діни мақсаттағы аудио-, бейнематериалдар және өзге де заттар жергілікті атқарушы органдарға ұсынылып, келісіліп қолданылуы тиіс деп жарияланды [2; 2].

Заңның мектепті діни бірлестіктерден бөлу және мемлекеттік білім берудің рухани сипаты жөніндегі 5-бапқа өзгерістер енгізілді. «Діни пәндерді оқыту ерікті негізде мемлекеттік емес оқу және тәрбие орындарында жүргізілуі мүмкін», «Дінтану» пәндері мемлекеттік оқу орындарының бағдарламаларына енгізілуі мүмкін» деген сөздер мүлдем алынып тасталды. Баланы діни тәрбиелеу оның тәндік, психикалық саулығына және имандылық рухында дамуына залал келтірілмеу тиіс деген талаптар қойылды [2; 2].

6-бапта ҚР-ның діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган туралы айтылған. Сол орган ҚР Президентінің қаулысымен таратылып, оның орнына Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі уәкілетті орган құрылды. Діни жағдайды бақылауға алған жаңа құрылған органның құзыреті әлдеқайда кең болды. Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі мемлекеттік орган көбінесе мемлекетте діни істер бойынша қосалқы жұмыстарды атқарды. Әрі оның құзыреті толығымен анықталмаған және өте тар шеңберде болды. Ал жаңа пайда болған уәкілетті органның қолында діни мәселелер бойынша саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастырушы, ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырушы, сараптау, түсіндіру, атқару, бақылау, ұсынушы, т.б. сол сияқты жұмыстарды атқарушы қызметі шоғырланған болатын. Сонымен қатар 6-бапқа облыстардың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың), аудандардың діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзыреттілігі жөніндегі толықтырулар енгізілді.

Заңдағы Діни бірлестіктің жарғысы (ережесі) туралы бапты нақтылау және толығымен айқындауға тырысу мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Діни бірлестіктің жарғысында:

- діни бірлестік атауы, орналасқан жері және шегінде ол өз қызметін жүргізетін аумақ;
- ұстанатын діні, қызметінің мәні мен мақсаты;
- діни бірлестіктің құрылымы, қалыптасу тәртібі, оның басқару органдарының құзыры мен өкілеттілігінің мерзімі;
- діни бірлестіктің құқықтары мен міндеттері;
- діни бірлестік мүлкінің құралу тәртібі;
- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі;
- діни бірлестік жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі көрсетілуі тиіс болды [2; 3]. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру мен тарату туралы тәртіп енгізілуі керек деген талап қойылды.

Діни бірлестіктерді тіркеу туралы шарттар нақтыланды, яғни екі немесе одан да көп облыстарда әрекет ететін басқармалар мен орталықтар ҚР Әділет министрлігі, ал жергілікті діни бірлестіктерді тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асыруы керек деп айқындалды. Дегенмен діни бірлестіктерді тіркеу туралы талаптарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе де, республикада заңсыз, тіркеуден өтпей қызмет атқарып жүрген діни ағымдар, қозғалыстар өте көп.

ҚР Президентінің Жарлығымен Діни бірлестік жарғысын тіркеуден бастарту туралы 10-бап алынып тасталынды. Оның орнына діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру туралы талаптар енгізілді. Онда ҚР заңдарын бұзған діни бірлестіктердің қызметін тоқтату және сол кездегі олардың жағдайлары туралы сөз қозғалды. 11-бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы айтылды. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыруға қосылу, бірігу, бөлініп шығу, қайта құру сияқты әрекеттер жатады деп белгіленді. Ал оларды тарату үшін ҚР заң актілері және Діни бірлестіктің жарғысында көзделген тәртіппен оның Қазақстанның аумағындағы жоғары органының шешімімен не сот шешімі бойынша жүргізіледі. Заңдағы діни сипаттағы мерзімді басылымдарды және құдайға құлшылық ету мақсаты көзделмейтін өзге де діни әдебиетті шығару бақылауға алынып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылуы керек деп жарияланды.

30.01.2001 ж. қабылданған ҚР «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі кодексі» [7] ҚР соттарына белгілі тәртіп бойынша тіркелмеген діни бірлестіктердің жұмысын тоқтатуға немесе айыппұл салуға құқық берген. 2001 жылғы ақпан айынан бастап республикамыздың кейбір аймақтарында аталмыш заң бұзушылықтар орын алып, ҚР соттары тиісті шараларды қолданған.

Мемлекет және дін қатынастарының өзекті бір мәселесі — азаматтардың дін саласында білім алу, оқу құқығын пайдалануы. Еліміздегі «Білім» туралы заңда бұл мәселе толық шешімін тапқан емес [8]. Бүгінгі күні Қазақстанда 8 діни жоғары оқу орны, 6 орта дәрежелі діни оқу орны мен 3 жалпы білім беру мекемесі жұмыс істеуде. Жоғары оқу орындарынан екеуі мұсылмандардікі. Олар «Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті» және ҚМДБ қарамағындағы «Имамдардың біліктілігін жетілдіру институты». Бұған қоса 1 католик, 1 лютеран және 4 протестант оқу орны бар. Енді осы діндер мен конфессияларды ұстанатын адамдардың жалпы санына шағатын болсақ, сан жағынан ең аз болып табылатын протестанттардың еншісіне ең көп жоғары оқу орны, ал мұсылмандарға болса ең аз оқу орны түсетіні байқалады. Қайталап айтқанда, протестантизм бағытындағы діни бірлестіктер мен діни оқу орындарының саны бәрінен жоғары.

«Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе де, бұл әлі де болса, республикадағы діни жағдайды реттеп, бір жүйеге келтіре алмады. Заңдардың тым либералдылығы және жүзеге асырылу механизмінің әлсіздігі Қазақстанда дәстүрлі емес діни ұйымдардың көптеп пайда болуына алып келді. Дәстүрлі емес діни бірлестіктердің санының өскені сонша, тіпті олар Қазақстандағы дәстүрлі діни бірлестіктердің санынан басым түсе бастады. Бұл жағдай жетекші конфессиялар діни басшыларының қарсылығына ұшырады. ҚМДБ төрағасы, бас мүфтиі Әбсаттар-қажы Дербісәлідің көзқарасы бойынша: «Қазақстан дәстүрлі емес діндер мен тоталитарлы секталар үшін қызмет ету аренасына айналды. Мемлекетіміз зайырлы сипат алса да, діннің биліктен бөлінуі Қазақстанда дін саласы бойынша нақты, ойластырылған саясаттың болмауы керек деген сөз емес, сол саясатты жүзеге асыру үшін, қолданыстағы дін және діни бірлестіктер туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек. Республикада бүкіл конфессиялар мен деноминацияларға қатысты тең дәрежедегі құрметтің көрсетілуі мемлекеттің

қазақстандық қоғамның дәстүрлі діндеріне қолдау көрсетпеу керек деген жағдайға әкелмейтін сияқты», — деп айтты [9].

М.Бұлұтай бұл тұрғыда: «Кейінгі жылдары «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар жасалынды. Жаңа заң жобасы Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық конвенциялар мен БҰҰ-ның діни сенім бостандығы жөніндегі конвенцияларға сай жасалынды. Жобада «Қазақстан азаматтары және шетел азаматтары тіркеуден өткеннен кейін миссионерлікпен айналысуға болады» деп айтылған. Демек, онсыз да Қазақстанда көптеп жүрген шетелдік миссионерлерге елімізге келіп, өз қызметін жүргізуге кеңінен жол ашылады. Өйткені тіркеуден өткізу күрделі іс емес. Керекті құжаттарды жасап, қажетті орындарда тіркеледі де, жұмысын жасай береді. Ал ислам діні бойынша кез келген «мұсылмандық ұйым мен мешіттер салу не тіркелу үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасынан рұқсат алу керек» деген жаңа толықтырулар өте орынды. Бірақ бұл арада басқа діндердің ұйымдары жөнінде ештеңе айтылмаған. Айталық буддистер, кришнаиттер, протестанттар қайдан рұқсат алады? Тіркеуден өткеннен кейін кез келген жерде діни ұйымдарын сала бастаса, бұл Қазақстанның діни жағдайын одан сайын күрделете түседі. Сонда дәстүрлі емес діндердің ұйымдары өз елдеріндегі діни ұйымдардан Қазақстанда миссионерлік қызмет атқару үшін рұқсат алып жатса, елімізге одан ешқандай пайдасы тимейді. Мәселен, Түркияда грек диаспорасының православие дін басшысы тікелей Түркия мемлекеті келісімімен байланысты тағайындалады.

Ал дін туралы заңда экстремистік ұйымдардың тыйым салу туралы баптың енгізілуі өте дұрыс. Алайда «экстремистер», «экстремистік қызмет» сияқты түсініктерге олардың белгілеріне анықтама толық жасалмаған. Бұл заңның кемшілігінен елдегі ішкі ұлттық тұрақтылыққа үлкен зиян әкелуі мүмкін. Сондықтан дін туралы заң әлі де өзгерістер мен толықтыруларды қажет етеді», — деген ой білдірді [10].

2008 жылы наурызда Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауында: «Біздің елдегі «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң 1992 жылы қабылданған болатын. Бұл заң да өзгерістер енгізуді талап етеді. Қоғамда болып жатқан өзгерістер дін саясатының мәселелерін реттейтін, оның ішінде діни негізде қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуды, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді қамтамасыз ететін нормалар пысықталып, тиімді болып қабылдануы қажет.

Президент айтқандай, бүгінде Қазақстанда мыңдаған әр түрлі миссионерлік ұйымдар жұмыс істейді. Біз олардың мақсаттары мен міндеттерін білмейміз және мұндай еркіншілікке, біздің елімізге қажет емес нәрсеге толық бостандық бермеуіміз керек. Бұған мысал ретінде экстремистік әдебиет таратып, адамдарды мүшелікке тарту фактілері орын алған, біздің елде мойындалмаған «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиги Джамаат» атты секталардың қызметін айтуға болады. Заң нормалары діни саясатты реттеуде «бос орын» қалдырмауы керек және де діни бірлестіктермен қоса, миссионерлер, діни оқу орындарына қатысты өкілеттік пен шектеулерді нақты айқындауы тиіс», — деп атап өтті [11].

Сондықтан да 2008 жылдың көктемінде бір топ Мәжіліс депутаттарының бастамашы болуымен дайындалған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламентте жан-жақты талқыланып, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберілген еді.

Қазақстанның діни картасы туралы объективті ой-пікірдің бар болуы қажеттілігін ескере отырып, діни бірлестіктерді оның мемлекеттік тіркеуі туралы шешімді қабылдаған мемлекеттік органды жыл сайын өз қызметінің жалғасуы туралы хабардар етуге міндетті. Азаматтар құқықтарын қорғау мақсатында ритуалды қажеттілік жағдайында азаматтардың қалауы бойынша діни рәсімдерді жақында тұратын азаматтардың, тұрғындардың және көрші пәтер-үйлер меншіктерінің құқықтары мен мүдделерінің сақталып, азаматтардың тұрғын үй-жайларында өткізу көзделген. Әскери бөлімдердегі, ауруханалардағы, қарттар мен мүгедектер үйлеріндегі, алдын ала тұтқындау және жазаны өтеу орындарында өткізілетін діни салттар тек оларда жатқан азаматтардың өтініші бойынша ұйымдар әкімшілігі арнайы бөлетін үй-жайларда жүргізіледі.

Жалпы, заң жобасында діни бірлестіктердің мәртебесін анықтауда көп жаңалықтар бар. Сондықтан жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес заң күшіне енген күннен бастап 18 ай ішінде діни бірлестіктердің қайта тіркелуін жүргізу көзделді.

Осындай жақсы жақтарымен қатар, аталған заңның жобасында көптеген олқылықтар болды. Атап айтар болсақ: 1992 жылғы заңда бүкіл діни бірлестіктер заң алдында бірдей екені өзгермеген күйі қалып отыр.

Қазіргі таңда көптеген еуропалық елдерде мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым-қатынасы қалай құрылғанына зер сала қарасақ, бұл елдерде дәстүрлі емес діндер өмір сүргенімен, оларға іс жүзінде емін-еркін қызмет жасауларына еркіндік берілмеген.

Айталық, Италия, Испанияда жаңа діни қозғалыстар, діни бірлестіктер мәртебесі құқығын еншілей алмайды. Литвада 1995 жылы 14 қарашада қабылданған «Діни бірлестіктер мен қоғамдар туралы» заңға сәйкес секталар заңды тұлғалар құқығына ие бола алмайды.

Сонымен, заң жобасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін ескеріп, діни бірлестіктердің қызметін реттеуді тәртіпке келтіруге бағытталған. Жобада мемлекеттік органдар да, сондай-ақ діни бірлестіктер де орындауға тиіс ережелер бар.

Құжат жобасындағы ережелер Еуропа елдерінің заңнамаларымен салыстырғанда демократиялық және ымырашыл болып табылады. Бұл елдерде діндарлардың бірлестіктеріне қатаң талаптар қойылған. Мысалы, діни бірлестік ретінде тіркелу үшін құрылатын ұйымда тұрғын халықтың 0,2 пайызынан астам ізбасарлары болуы тиіс, ал қазақстандық өлшемдер бойынша ол 32 мың адамды құрайды. Қолданыстағы қазақстандық заңнаманың Еуропа елдерінің заңнамасынан айырмашылығы — ол діни бірлестіктердің заң алдында тең құқылық қағидатында негізделетіндігі. Осы қағида заң жобасында да сақталған. Және де заң жобасын әзірлеу барысында шетелдердің оң тәжірибесі барынша ескерілді.

Қазақстан ратификациялаған адам құқықтарының халықаралық стандартын бекітетін БҰҰ-ның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісінде дінді немесе нанымды уағыздау бостандығы заңда белгіленген тәртіпке сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен адамгершілікті, сондай-ақ басқа тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау мақсатында шектелінуі мүмкін. Заң жобасындағы барлық шектеулер БҰҰ талаптарына сәйкес келеді.

Осы жылдың сәуір айында заң жобасы жария етілгеннен кейін Қазақстан аталған заң жобасының халықаралық актілеріне сәйкестігінің сараптамасын жүргізу мақсатында ЕҚЫҰ-ға үндеу жасау жөнінде бастамашылық етті. Сондай-ақ маусым айында заң жобасына ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қорытындысының бірінші нұсқасы берілді. Ал ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сарапшылары бірқатар ұсынылған өзгертулерге оң баға берді. Оларда діни нанымды шектеу тек заң аясында ғана бекітілетіндігі нақтыланып, күндізгі рухани (діни) білім беру ұйымдарында оқитын азаматтар үшін әскери қызметті өтеуді кейінге қалдыруға қатысты құқықтар мен жеңілдіктер енгізу, діни бірлестікті тіркеуден бастарту негіздері қарастырылған.

Екіншіден, адам құқықтарын қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған БҰҰ және ЕҚЫҰ актілерінің ережелерін есепке алып, жұмыс топтары отырыстарының барысында заң жобасының бірқатар ережелері алынып тасталды немесе қайта қарастырылды. Мысалы, мәтіндерді және бейнелерді таратуға және орналастыруға, азаматтардың діни сенімдерін қорлайтын көпшілік шараларды қоғамдық жерлерде және табынушылық ғимараттардан (құрылыстардан) 100 м шегінде өткізуге тыйым салу, миссионерлер квотасы, орталық діни бірлестіктердің елдің жартысынан астам облыстарында кем дегенде он жыл ішінде жергілікті діни бірлестіктердің бар болуы, Қазақстанда шығарылатын әдебиетке дінтану сараптамасын өткізу жөніндегі ереже алынып тасталды.

Сонымен қатар жұмыс топтарының талқылауы кезінде діни әдебиеттерді шығаруды уәкілетті органмен келісу, діни бірлестіктен тыс ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құру мен олардың қызметі үшін әкімшілік жаза қолдану, жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің діни бірлестіктерге түсетін қаржы-қаражаттарын есепке алуға қатысу, жасырын тұлғалардан, сондай-ақ шетел азаматтары мен ұйымдардан садақаларды алуға тыйым салу, осы заңның қолданысқа ену сәтінде басқарма (орталық) ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасы, Астана мен Алматы қалаларының аумағында кем дегенде он жыл қызмет ететін құрылымдық бөлімшелері бар діни бірлестіктер орталық діни бірлестіктер ретінде қайта тіркеуден өту құқықтары бар екендігі туралы ережелер де алынып тасталды.

Ал мына ережелер — қайырымдылық қызметін өткізуге, дінтану сараптамасын өткізуге қатыстырылатын мамандарды нақтылауға, орталық діни бірлестіктерді тіркеуге қойылатын талаптарға және діни топтардың қызметі мен құқықтарына қатыстылар өзгертілді.

Қорыта келгенде, аталмыш заң жобасы адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарына және халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес келеді деп айтуға болады.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ислам дінінің дамуына қаншалықты әсер етеді? деген сұраққа келетін болсақ, ислам — мұсылман

халықтарының рухани қазынасы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, білімі, мәдениеті және тілімен біте қайнасқан дәстүрлі дін. Ислам діні Қазақстан жеріне ұзақ жылдар бойы орнап, ақырында халқымыздың ұлттық дініне айналды. Әрине, қазақтардың мәдениетінде отқа табыну, Тәңірлік діннің ықпалы да байқалады. Бірақ ұлттық мәдениеттің негізінде бірнеше діндердің біте қайнасып, сабақтасып дамуы көптеген өркениеттерге тән құбылыс. Бұған айқын дәлел ретінде Қытай өркениетін мысалға келтіре аламыз. Оның негізінде үш бірдей діни ілім жүйелері жатыр, яғни конфуцианшылдық, даосизм және буддизм. Ал қазақ мәдениетінің негізінде Тәңірлік дін мен ислам дінінің синкреттік байланысы жатыр деп айтсақ қателеспейміз. Сондықтан да Қазақстанда қазақ тілі, мәдениеті мен тарихына қаншалықты баса назар аударылса, сол сияқты ислам дініне де бет аударылуы керек. Өйткені мұсылмандықтың ықпалымен қазақтың мәдениеті дамыды: араб графикасы, сәулет өнері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тілі, дүнетанымы, тәлім-тәрбиесі және тағы да сол сияқты. Бұны жоққа шығаруға болмайды. Ал республикада әрекет ететін жат жерлік саентология, благодать, Иеговы куәгерлері, евангелистер, Кришна т.б. секталар мен діни ағымдарды алсақ, олардың әрекеті қазақ халқының санасын улау, Қазақстан жеріне өз дінінің ықпалын тарату, елдің бірлігіне нұқсан келтіру, ұлттық тұтастықтың іргесін құлатуға бағытталған.

Сондықтан да дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен миссионерлердің Қазақстанда емін-еркін әрекет етуі үшін жағдай жасалмауы керек. «Барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестік басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды, дейді Заңның 4-бабында [2; 1]. Заңның осы нормасы қайта қарастырылып, өзгертілуі жөн. Зайырлы мемлекет деп қазақ халқының дәстүрі мен салт-санасын құрбан етуге болмайды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы ел тыныштығын ойлап қабылданған осы заңдық норманың 18 жылдан кейін Қазақстан аяғына тік тұрып, бізді бүкіл әлем мойындаған кезде ұлтымыздың рухани тұтастығына аса қауіпті жат діндерді ығыстыру керек.

Жалпы Қазақстанның «Дін бостандығы және діни бірлестіктер туралы заң» өзге елдердің, оның ішінде Еуропа мемлекеттерінің дін туралы заңдарымен салыстырғанда, ең демократиялық, өте ымырашыл заң болып табылады. Өйткені Қазақстаннан басқа бірде-бір мемлекетте дәстүрлі емес, сырттан келген дін өкілдеріне дәстүрлі дінмен бірдей теңдік құқығы берілмеген және де оларда дәстүрлі діндер мемлекет тарапынан ресми дін ретінде танылған, басқа діннен артықшылық құқы бар, мемлекет тарапынан қолдауға ие, әрі қаржылық көмек алады, жоғары оқу орындарында пән ретінде оқытылады (бұл жерде мұсылман мемлекеттері айтылып отырған жоқ).

Мысалы, Англияда Англикан шіркеуі жоғары мәртебеге ие, католиктер мен протестанттардың оған құқы жоқ, ал мұсылмандардың мәртебе тұрмақ, бұқаралық ақпарат құралдарына шығуына қақысы жоқ.

Ресей мен Белоруссия православье шіркеуін қолдайды. Ал, Әзербайжан Республикасы ешкімге де жалтақтамай-ақ, 1992 жылы қабылдаған заңында шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтарға діни насихатпен айналысуға тыйым салған. Айта берсе, мысал жеткілікті.

Жаңа заң жобасындағы олқылықтардың тағы бірі, ол 50 азамат бас қосып, діни бірлестік құруға құқылы екендігі, бұрынғы заңда олардың саны 10 еді. Көріп отырғанымыздай, бізде діни бірлестік құрудан онайы жоқ. Жергілікті діни бірлестіктерді кәмелетке толған кемінде 50 азамат құратыны көрсетілуі — еліміздің бөлшектене түсуіне тікелей әсер ететін құқықтық норма.

Ал Еуропа елдерінде жағдай мүлдем басқаша. Мысалы, Бельгияда діни бірлестік мәртебесін алу үшін діни бірлестік мүшелерінің саны ондаған мың санға жетуі тиіс, Австрияда — 16 мың, Чехия — 10 мың, Румынияда — 20 мың, Франция, Германия, Швейцария т.б. мемлекеттерде де осы мөлшерлес.

Бұл әрекетке құқықтық тосқауыл қою аса қажеттігін ескеріп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жергілікті діни бірлестіктердің құрылтайшыларының санын ең кемінде кәмелетке толған 10 000 азамат деп белгілеуді ұсынған еді. Алайда ол ұсыныс қолдау таппады.

Сондай-ақ кемінде 5 облыстың аумағында жұмыс істеп тұрған жергілікті діни бірлестіктер «Орталық діни бірлестік» болып танылады делінген заң жобасына қатысты ҚМДБ-ның ұсынысы да қабылданбады.

Онда аталған заңның жаңа жобасында республикамыздың демографиялық, тарихи, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктері ескерілмегендіктен, әрі Орталық діни ұйым ретінде құрылу үшін діни бірлестіктер тіркелген облыстар мен қалалардың саны негізгі көрсеткіштер емес, ең басты көрсеткіш — Қазақстан халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мен 22 пайызын құрайтын православтар болғандықтан, «Қазақстан Республикасындағы Орталық діни ұйымдар — Қазақстан

мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) және Қазақстандағы Орыс православье шіркеуі (ҚОПШ) болып табылады» деп нақты атап көрсетіп, бұл мәселеге түбегейлі нүкте қою қажеттігі көрсетілген еді. Өйткені заң жобасындағы ұсыныс осы қалпында қабылданатын болса, еліміздегі Орталық діни ұйымдардың қатарына ҚМДБ және ҚОПШ-пен қатар, протестанттар мен католиктердің, саентология мен Иеговы куәгерлері секілді өзге де зиянды діни-идеологиялық ағымдар мен секталардың бүгін болмаса да, болашақта аталмыш талаптарға сай келіп, бірнеше жылдың көлемінде Қазақстан Республикасының Орталық діни ұйымдарының бірі ретінде ресми түрде танылуы мүмкін. Осыдан келіп Қазақстанның жат діндердің полигонына айналып, оның аяғы қанды қақтығыстарға апарып соқтыруы әбден мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, ел халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мемлекеттің байырғы ата-баба дінінің өкілдері болғандықтан, олардың басын қосып біріктіруші Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қоғамдағы орны ерекше. Сол себепті ҚМДБ-ға жаңа заң жобасында ресми қолдау көрсету ұсынылған еді. Себебі дәстүрлі дін ғана мемлекетке тірек бола алады, ал басқа дінсымақтар мемлекетке тірек бола алмайтындығы анық жайт. Қазақстанда ислам дінінің мәртебесін жоғары қойып, мән беріп, басқа теріс пиғылды діндерге тосқауыл қойылса, ол ешқандай демократиядан ауытқу болып есептелінбейді.

Қазақстандағы Мұсылмандар діни басқармасының да, мұсылман дінінің мәртебесінің әлі анықталынбағаны өкінішті-ақ. Діни ағымдар мен секталар арқылы елімізге неше түрлі бүлдіруші саяси-идеологиялық ықпалдардың еніп жатқаны дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл — жасырын түрде ықпал етудің ең арзан, ең тиімді, ең ұзақ мерзімді тәсілі. Бұл үшін ислам діни ұйымдарының мәртебесін айқындап, дәстүрлі емес діни ағымдарды ауыздықтау қажеттігі — уақыт талабы. Ел халқының 72 пайызын құрайтын мұсылмандар мемлекеттің байырғы ата-баба дінінің өкілдері болғандықтан, олардың басын қосып біріктіруші Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына ерекше мәртебе берілуі қажет еді. Қазіргі уақытта мешіттердің коммуналдық қызмет төлемдерін төлеуге шамасы жоқ. Имамдар жалақы алмай еңбек етуде. Бұл жағынан мемлекеттің қолдауы өте қажет. Бірақ дін мемлекеттен бөлек деп, мемлекет ондай қолдауға бармай отыр.

Шетелдік діни бірлестіктер қаржыдан таршылық көрмейді. Молшылықта өмір сүріп жүргенін бәріміз көріп жүрміз. Үлкен қалалардың ортасынан ғимарат сатып алу, жер учаскесін алу олар үшін түк емес. Демек, батыстың алпауыт мемлекеттері Қазақстан халқын жаппай шоқындырып, санасын улауға өздерінің осындағы компаниялары арқылы қаржы төгетіні анық. Мұның діни диверсия екені даусыз.

Заң жобасының кіріспесінде «Қазақстан Республикасында Ислам және православье діндерінің құндылықтары танылады», — деп жазып көрсету керек.

Бұдан басқа, аталған Заңның 12-бабының 6-бөлігінде ғибадат үйлерін салу кезінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының келісімі болу сұралған еді, алайда ол да ескерілмеді. Мұндағы мақсат — ел бірлігі мен тыныштығын сақтау және мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту. Өйткені мемлекет тарапынан берілген еркіндікті теріс пайдаланып, ел ішіне іріткі салған Ислам дінінде әр түрлі бағытты ұстанған ұйымдар, топтар пайда болды. Діни басқармадан келісім алу — ғибадат үйлерін теріс пиғылды ағымдардың ұясына айналдырмаудың бірден-бір жолы болмақ. Ислами бағыттағы ғибадатханалардың бір орталыққа бағынып қызмет атқаруы теріс әрекеттер мен заңсыздықтарды болдырмаудың кепілі болар еді.

Жауапкершілік және жаза заң бұзушылықтарға тоқтау салатын ең мықты қаймықтырушы күш екені анық. Алайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 375-бабындағы әкімшілік жаза бұл талапқа сай келмейді, яғни жаңа айыппұл мөлшерлері өте төмен [7; 145,146]. Сондықтан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құқық бұзушылықтарға салынатын айыппұлдың ең төменгі мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс деген ұсынысы да өтпеді.

Республикадағы діни жағдайды ретке келтіре отырып, Қазақстанда дәстүрлі және тарихи жолмен қалыптасқан діндердің жағдайын ескеру қажет. ТМД, Еуропаның көптеген елдері сияқты Қазақстан да өзінің басым тұрған діндерге қолдау көрсетіп жатса, онда тұрған ешқандай заңсыздық, демократияға немесе зайырлылыққа қарсы әрекет жоқ. Қайта үкімет республикада халықтың 72 %-ын құраған мұсылмандар мен 22 %-ын құраған православтардың құқықтары мен мүддесін ескеретін болады. Дегенмен, 2006 жылы мұсылмандардың «Құрбан айт» және православтардың «Рождество» деген діни мейрамдары мемлекеттік демалыс күндері болып жариялануы, мемлекет тарапынан мұсылмандар мен православтардың мүддесін ескеруіне бастама қадам деп бағалауға болады. Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Темірболатовтың айтуынша, діни радикализм мен экстремизмге қарсы күрес жүргізуге қатысты заңнамалар ойдағыдай жұмыс істеуде, дегенмен оларды

әрі қарай жетілдіре түсу жөн. Депутат сондай-ақ «Миссионерлер туралы заң» жобасын дайындау қажеттілігін де атап өтті [12].

Сондықтан да бүгінгі күні «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктері» жалпы дінмен байланысты бүкіл заңдық актілерге, соның ішінде ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, Қылмыстық кодекс [13], «Миссионерлік қызмет» [14], «Діни терроризм, радикализм мен экстремизмге қарсы күрес жүргізу туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мен филиалдар және өкілдіктерді есептік тіркеуге алу туралы» [15], «Әскери міндеттілік және әскери қызмет» [16], «Баланың құқығын қорғау» туралы [17] т.б. заңдарға тиісті дәрежеде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек.

Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай: «Қазіргі қоғамның басты міндеті — этносаралық келісімді сақтау мен нығайту ғана емес, сонымен бірге, діни толеранттылықты, конфессияаралық үнқатысу мен келісімді бекемдей беру болып табылады» [18].

Сонымен қатар заң жобасының ережелеріне діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу рәсімдерін нақтылау, саны аз діни топтардың мәртебесін анықтау, сыйыну ғимараттары мен құрылыстарын тәртіпке келтіруді қарастырды. Осы заң жобасы жөнінде ҚР-сы Үкіметінің қорытындысында діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер іс-қимылын жүзеге асыруды қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруі мемлекеттік-конфессияаралық қарым-қатынастардың қазіргі кездегі уақытқа сай әрі қажетті екендігі атап айтылды. Мұның өзі ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Азаматтық қоғамды дамыту» тұжырымдамасына сәйкес келеді [19]. Бұл кезеңде діни ұйымдарды құру мен қызметін реттеуде кешенді қадам жасауды талап етеді. Өйткені 1992 жылы «Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» Заң қабылдағаннан бері өмір болмысы мен заман талабы айтарлықтай өзгерді. Дүние жүзінде діни экстремизм, радикализм, терроризм мәселелері шығып, біздің мемлекетіміз бен өзге елдерде де танымал емес шіркеулер мен көптеген дін атын жамылған, рухани құндылықтарға еш қатысы жоқ әрі ар-ождан қағидаларына қайшы келетін бірлестіктер жұмыс істей бастады.

Елбасының 2006 жылғы 10 қазандағы «ҚР-сы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығында: «Соңғы онжылдықта шетелдік насихатқа, сондай-ақ жекелеген азаматтар мүдделілігіне бола елде таратылып отырған діни жоралғылармен байланысты түрлі экстремистік пікірлер байқалуда» [20].

Жастардың кришнаиттер, Иеговы куәгерлері секілді Қазақстан үшін дәстүрлі емес бірлестіктерге, сондай-ақ экстремистік ұйымдарға, мысалы, Хизб-ут-Тахрир діни-саяси бірлестігіне және басқаларға деген қызығушылығы осы бірлестіктер мен ұйымдарды белсенді жақтаушылардың жас адамдардың санасына психологиялық ықпал етуімен байланысты. Сондықтан діни саладағы пайда болатын өзекті проблемаларды реттеудің нақты тетігін әзірлеу қажет», — делінген [21].

Демек, алаңдаушылық терең орын алып отыр. Осы себепті қоғамдағы діни саланы реттейтін заңнамаларды тереңірек талдаған жөн.

Кәмшат Тасболат өзінің «ТМД елдері «Діндер туралы» заңды қатайтты» деген мақаласында: «ТМД және Орталық Азия елдеріндегі діни бірлестіктерді реттейтін заңдардың қабылдану кезеңдерін сараптап қарасақ, «Діндер туралы» заңды Ресей — 1997 ж., Өзбекстан — 1998, Беларусь — 2002, Қырғызстан 2008 жылы қайта қарап, жаңа мәтінде қабылдаса, Тәжікстан 2009 жылдың наурыз айында жаңа заңды қабылдап тастады. Бұл күндері Арменияда тиесілі заң жобасы жергілікті парламент талқысында. Бұл тұста Қазақстанның «Діндер туралы» заңының 2011 жылдан кейін ғана қайта қаралу мүмкіндігін ескерсек, көршілерімізден қалыс қалатын тұстарымыз көп сияқты. Онсыз да Қазақстанның «Діни наным-сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» заңы аймақтағы ең көне заңдардың санатында. Отандық заң 1992 жылы қабылданған.

Посткеңестік елдердің «Діндер туралы» заңдарында айырмашылықтардан гөрі, ұқсастықтар көп. Ең бастысы, тиесілі заңдар ұлттық қауіпсіздік пен діни бірлікті қамтамасыз етуге бағытталса, екінші жағынан, шетелдік діни экспансияны ауыздықтап, жергілікті ата-баба діндеріне басымдық береді», — деп жариялады [22].

Жалпы дін, діни сенімге, діни бірлестіктерге байланысты заңнамалар әлі де болса, дұрыс қарастырылуды, талдау, сараптау мен зерттеулерді қажет етеді. Заман ағымына сай сол заңнамаларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек. Өйткені дін — бұл қоғамның маңызды мәселесі. Бұған немқұрайлы қарауға болмайды. Қазақстанның ұлтаралық, конфессияаралық толеранттылық пен үйлесімділікті, ішкі-саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау өте маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Азаматтық кодекс. — Алматы: Норма-К, 2002. — 352 б.
- 2 Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы 1992 ж. 15 қаңтардағы № 1128-ХІІ Қазақстан Республикасы Заңы (2007.15.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР-ның заңдарының электронды жинағы: Юрист. — анықтамалық-құқықтық жүйесі. — 2008.
- 3 ҚР Конституциясы. — Алматы: «ИД-Эврика» ЖШС, 2005. — 4-б.
- 4 АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан — халықаралық діни бостандық есебі» (2002 ж.). — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
- 5 Жусупов С. Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии. — 2001 / www.carnegie.ru (09.09.2010)
- 6 Шулембаева Р. Свобода, вера, право. 2008 / www.assembly.kz (09.09.2010)
- 7 ҚР «Әкімшілік заң бұзушылықтар жөніндегі кодексі». — Алматы: Норма-К, 2002. — 145,146-б.
- 8 ҚР Білім туралы заңы: № 320-ІІІ ҚРЗ. — Астана: Заң, 2007. — 27 шілде. — 32-б.
- 9 Материалы заседания науч.-практ. конф. «Пути сохранения и укрепления межнационального согласия в современном мире». — Астана: Евразия, 2007. — С. 345.
- 10 Бұлтай М.Ж. Дін және ұлт. — Алматы: Арыс, 2006. — 57-б.
- 11 Сарпеков Р. Жауапкершілік салмағын сезінсек // Егемен Қазақстан. — 2008. — 18 наур. — № 77–80. — 2-б.
- 12 Құлнбай Ә. Заңнама толыққанды болса, діни экстремизмге жол берілмейді // Егемен Қазақстан. — 2008. — 27 маус. — № 192,193. — 2-б.
- 13 ҚР Қылмыстық кодекс. — Алматы: Норма-К, 2002. — 56-б.
- 14 Шетелдіктердің ҚР-да болуын құқықтық жекелеген мәселелері ҚР-сы Үкіметінің 2000 жылы 28 қаңтардағы № 136 қаулысы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
- 15 Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйесі.
- 16 Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңы // Егемен Қазақстан. — 2005. — 23 шілде. — № 162. — 3-б.
- 17 ҚР-дағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ ҚР-ның Заңы. — Юрист — анықтамалық-құқықтық жүйе. — 2008.
- 18 Балгарина Б. Халықтың имандылығы мен бірлігі қымбат // Егемен Қазақстан. — 2008. — 11 қазан. — № 312. — 4-б.
- 19 Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді).
- 20 ҚР-сы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы // Қазақ тарихы. — 2007. — № 2. — 81–88-б.
- 21 Айталы А. Бізге жаңа заңнама қажет // Егемен Қазақстан. — 2008. — 10 желт. — № 380–381. — 6-б.
- 22 Тасболат К. ТМД елдері «Діндер туралы» заңды қатайтты. — 2009. / www.aikyn.kz (09.09.2010)

А.Б.Сатанов, К.С. Ускембаев

Влияние нормативно-правовой системы Республики Казахстан на религиозное положение и развитие ислама

В статье рассматривается состояние нормативно-правовой системы Республики Казахстан, регулирующей формирование и развитие религиозного положения, движения, мировоззрения и межконфессиональных отношений. Были использованы целый комплекс правовых актов, научные исследования ученых религиозно-правовой отрасли, мнения политиков и государственных деятелей о современной правовой системе республики и ее влиянии на религиозное положение страны и развитие ислама в Казахстане.

A.B.Satanov, K.S. Uskymbaev

Legal effect of the republic of Kazakhstan for religious and development of Islam

The article discusses the state of the legal system of the Republic of Kazakhstan, which regulates the formation and development of the religious position, movement, philosophy and interfaith relations. We used a range of instruments, research scientists theological industry opinions of politicians and statesmen of the modern legal system of the republic and its influence on the religious situation in the country and the development of Islam in Kazakhstan.